

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт». Жомарттық - қайырымдылық тамшысы

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.04.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72235/>

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

САБАҚ	Мектеп: 140
Күні: 6.12.2019	Мұғалімнің аты-жөні: Абдуллақызы Ұ
Сынып: 5 Б,Г	Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар:
Сабақтың тақырыбы	Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт». Жомарттық - қайырымдылық тамшысы
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау(5.Т/Ж1)
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: шығарманың мазмұнымен танысады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: шығарманың сюжеттік құрылымы мен жанрын анықтай алады Кейбір оқушылар орындай алады: шығарма сюжетін сипаттап, пікір қоса алады.
Бағалау критерийлері	-Шығарма мазмұнын біледі -Сюжеттік құрылымын, жанрын анықтайды -Шығарма сюжетіне өзіндік көзқарас білдіреді
Тілдік мақсаттар	Көңілге жел кіру - ауысп. бір нәрсеге елігу, желігу, еліру. Кем-кетікке жәрдем беру - жарлы, кедей адамдарға көмек беру. Әбірет алу - ғибрат, үлгі алу.
Алдыңғы оқу:	«Дейін-кейін» әдісімен жаңа сабаққа дейін жазушының әңгімелері туралы не білетінін жазуды тапсырамын
Құндылықтарға баулу	Еңбексүйгіштікке, жомарттыққа, қарапайымдылыққа шақыру
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі; Өзін-өзі тану;
Жоспар	
Жоспарланатын уақыт	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 7 мин</p>	<p>I.Ұйымдастыру кезеңі (Оқушыларды түгелдеп , сабаққа назарын аударамын. Сабақ мақсатымен таныстырамын,суреттер арқылы топқа бөлемін) II.Қызығушылықты ояту «Кроссенс» әдісі арқылы сабақ тақырыбына суреттер арқылы болжам жасату. Суреттерді бір-бірімен байланыстырып, өз пікірлерін білдіреді. Суреттерде не бейнеленген? Бұлар кімдер, не жайында сөйлесіп жатыр?</p>	<p>МАН Спиральді оқу бағдарламасы 15-бет Оқу үдерісін жоспарлау 42-45-беттер</p> <p>Сюжетті суреттер Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулықтан С.Ч.Тұрсығалиева Р.Зайкенова</p>
--	---	---

Сабақтың ортасы
30 мин

Мазмұнын түсіну үшін тыңдау:
<http://bilimland.kz> Сайттан аудио тыңдайды
Талқылауға арналған сұрақтар:
1.Шығарма қандай жанрда жазылған?
2.Қандай дәлел келтіре аласыз?
(сұрақтарға жауап берген оқушыларды ынталандыру мақсатында смайликтер беремін)
1-тапсырма
Топтық жұмыс (топ басшысы бағалайды)
Топтағы өз рөліңізге қатысты берілген міндетті орындаңыз. 2 баяндаушы — мәтіннің мазмұнын баяндайды. 2 сұрақ қоюшы — мәтін сюжетінің дамуына қарай сұрақтар қояды. Тыңдаушылар — баяндаушыларды тыңдайды, сұрақ қоюшылардың сұрақтарына жауап береді.

Бағалау критерийі	Дескриптор	ұпай		
Шығарма мазмұнын біледі	— әңгіменің мазмұнын баяндайды	1	2	3
	— сюжеттік дамуына қатысты 4 сұрақ дайындайды			
	-шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді			

2-тапсырма. «Ойлан. Жұптас. Бөліс»
Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі (өзара бағалау)

Әңгіменің сюжеттік желісі бойынша қарапайым жоспар құрыңыз, жоспар негізінде әңгіменің сюжеттік дамуын анықтаңыз

Жоспар

Кіріспе бөлім _____ Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім _____

Бағалау критерийі	Дескриптор	ұпай		
Сюжеттік құрылымын анықтайды	—әңгіменің мазмұны бойынша жоспар құрады;	1	2	3
	— жоспар негізінде әңгіменің сюжеттік дамуын анықтайды.			

3-тапсырма Оқу бойынша қорытынды жүргізу «Бір минут» әдісі

Жеке жұмыс (өзін -өзі бағалу)

«Атымтайдың төрт ақылын» сюжет желісі бойынша ретімен айтып, сюжет желісіне пікір қос.

1. Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін.

2. Күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

3. әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиіреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

4. Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын.

Бағалау критерийі	Дескриптор	ұпай		
Шығарма сюжетіне өзіндік көзқарас білдіреді	— шығарманың сюжеттік дамуын сипаттайды	1	2	3
	— сюжет желісіне пікір қосады			

<http://bilimland.kz>

ҚБ. Үлестірме 16-бет

14-күн 2-үлестірме материал. Сабақты жоспарлаудың қадамдық нұсқаулығы

<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p>Кері байланыс: «Дейін-кейін» әдісі бойынша жаңа сабақтан кейін не білгенін жазуды ұсынамын. Үйге тапсырма: Атымтай туралы шығыс әдебиеттерінен мәлімет жазып келу.</p>	
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p>Мен сабақта оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді ретімен қолдануға тырыстым. Барынша қолдау: «Топтардағы қызмет» атты топпен жұмыста барлық оқушылар шығарманың мазмұнын білу үшін қабілеті жоғары 2 оқушыға мазмұнын айтуды тапсырдым, 2 оқушыға шығарма сюжетіне қатысты 4 сұрақ дайындадым, серіктестеріне қоюды ұсындым. Қабілеті төмендеу оқушылар оларға жауап беріп, ілесу барысында мазмұнын игеруге ықпал еттім. Орташа қолдау: Оқушыларға шығарма сюжетінің дамуын әрі қарай өздері талдауға мүмкін беру үшін жоспар құруды тапсырдым. Оқушыға мақсатқа жетуге ықпал жасадым. Шектеулі қолдау: Оқушылардың өз бетінше пікір айту қабілеттерін жақсарту мақсатында сюжеттік желісін ретімен қоя отырып, мазмұнын жалғастыратын қандай пікір қосар едіңіздер? деп тапсырманы күрделендіруге тырыстым.</p>	<p><i>Оқушылардың тыңдау, жауап беру қабілеттерін шығарманың композициясын анықтай алатынынан, шығарманың сюжеттік дамуы мен фабуласын сипаттайтынынан аңғарамын. Әр оқушының дәптеріне бүгінгі жасаған жұмысы бойынша смайлик салып, не нәрсеге көңіл аудару керек екенін жазамын.</i></p>	<p><i>Өзін-өзі тану, қазақ тілі пәнімен байланыстырылады. «bilimland» сайтынан оқушыларға жаңа мәтінді таныстыруда аудио-видео тыңдатамын. Оқушы өзі ойланап, пікір ұсынады, мәтіннен алған ақпараты бойынша өмірлік жағдаяттармен байланыстырып қорытынды жасайды Оқушы бойында Еңбексүйгіштік, жомарттық, қарапайымдылық дағдылары қалыптасады.</i></p>
<p>Рефлексия Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және не іледім?</p>	<p>Менің сабақ мақсатым оқыту мақсатына сай, шынайы, қолжетімді болды. Оқушыларым бүгінгі сабақта мақсатқа сәйкес шығарманың мазмұнымен танысты, шығарманың сюжеттік құрылымы мен жанрын анықтай алды, шығарма сюжетін сипаттап, пікір қоса алды. Топтастарымен шынайы серіктестік құрып, мақсатқа жету жолында бірге жұмыстанды. Бұдан мен сабақта топтармен жұмысымның сәтті болуын көрдім. Сабақта уақытты тиімді пайдаландым, себебі сабақтың әр кезеңі уақытпен екішленді. Сабақ жоспарлағанда жұппен жұмыс барысына алған тапсырмам оқушы жас ерекшелігіне қиындық келтіргендігіне көзім жеткендіктен болашақта оқушы қажеттілігін қанағаттандыратындай тиімді әдістерді жеңілден ауыра қарай саралаймын деп түйдім.</p>	
<p>Қорытынды бағалау</p>		
<p>Ең жақсы өткен екі дүниені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)</p>		
<p>1: Топтық жұмыста серіктестермен бірлескен жұмыстың нақты жоспарланып, мақсатқа шынайы жетуі.</p>		
<p>2: Жұптық жұмыстың тапсырмасының жеңілден ауырға қарай өзгертілгені.</p>		
<p>Қандай екі дүние сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізуші еді? (оқытуға және үйренуге қатысты)</p>		
<p>1: «ПОПС» формуласын тақырыпқа сай тиімді қолдану</p>		
<p>2: Ширату жаттығуын үйлесімді қосу</p>		
<p>Осы сабақтың барысында мүмкін барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағыма қажет болуы қандай ақпаратты білдім? Сабақ барысында оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған кеңейтілген тапсырмалар қажет екенін білдім.</p>		

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.